

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

Саудалық атауы

Тонзилгон® Н

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы

Ішуге арналған тамшылар, 100 мл

Фармакотерапиялық тобы

Респираторлық жүйе. Тамақ ауруларын емдеуге арналған препараттар.
Антисептиктер. Басқа да препараттар.

АТХ коды R02AA20

Қолданылуы

- суық тиюдің алғашқы белгілерінде және соның барысында қолдану үшін, мысалы, тамақтың жыбырлауы, тамақтың ауыруы, жұтынудың қиындауы
- жоғарғы тыныс жолдарының жедел және созылмалы ауруларының (тонзиллит, фарингит, ларингит) профилактикасы және емдеу
- респираторлық вирустық инфекциялар кезіндегі асқынулардың профилактикасы және бактериялық инфекциялар кезіндегі антибиотиктермен емге қосымша ретінде

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- белсенді заттарға немесе қандай да бір қосымша заттарға аса жоғары сезімталдық
- күрделігүлділер тұқымдас өсімдіктерге, мысалы, жусан, мыңжапырақ, хризантема, дәстүргүл, түймедақ гүлдеріне айқаспалы реакция деп аталатын белгілі аллергия
- 2 жасқа дейінгі балалар

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Егер симптомдар 1 аптадан астам уақыт сақталса немесе ентігу, қызба, іріңді немесе қанды қақырық пайда болса, дәрігермен кеңесіңіз.

Сақталған уақытта бұлыңғырлануы немесе аздаған шөгінді түзілуі мүмкін. Бұл препарат тиімділігіне әсер етпейді.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Бактерияға қарсы дәрілік заттармен біріктіру мүмкін және орынды. Басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі белгісіз.

Арнайы ескертулер

Осы дәрілік препарат құрамында 16,0-19,5% (к/к) этил спирт бар.

Препаратты алкогольизмнен зардап шегетін немесе алкогольизмнен емделу курсың сәтті аяқтаған пациенттер қабылдамауы тиіс. Алкоголь мөлшері бауыр аурулары немесе эпилепсиясы бар пациенттер сияқты жоғары қауіп тобының пациенттерінде ескерілуі тиіс.

Қант диабеті бар пациенттер

Тонзилгон® Н тамшыларының құрамында 10 тамшыда нан бірлігінің мөлшері 0,1-ден (НБ) төмен.

Педиатрияда қолдану

Дәрілік препаратты 2 жастан кіші балаларда қолдануға болмайды.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Жүктілік және лактация кезеңінде жеткілікті деректердің болмауына байланысты осы кезеңде препаратты қолдану ұсынылмайды.

Жүкті әйелдерге Тонзилгон® Н тамшыларын қабылдау ұсынылмайды. Белсенді зат компоненттерінің немесе олардың метаболиттерінің емшек сүтіне түсу-түспеуі белгісіз. Емшек еметін балалар үшін қауіп жоққа шығарылмайды. Тонзилгон® Н тамшыларын лактация кезеңінде әйелдерге қабылдауға болмайды. Туу көрсеткішіне әсері туралы зерттеулер жүргізілмеген.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат көлікті басқару және қауіптілігі зор механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану бойынша ұсынымдар

Дозалау режимі

Аурудың өткір кезеңінде

Ересектер мен 12 жастағы және одан үлкен жасөспірімдер күніне 5-6 рет 25 тамшыдан ішеді.

6 – 11 жастағы балалар күніне 5-6 рет 15 тамшыдан ішеді.

2–5 жастағы балалар күніне 5-6 рет 10 тамшыдан ішеді.

Жедел симптомдардың жойылуынан кейін емдеуді кемінде бір апта бойы жалғастырған жөн.

Жедел симптомдардың жойылуынан кейін:

Ересектер мен 12 жастағы және одан үлкен жасөспірімдер күніне 3 рет 25 тамшыдан ішеді.

6 – 11 жастағы балалар күніне 3 рет 15 тамшыдан ішеді.

2–5 жастағы балалар күніне 3 рет 10 тамшыдан ішеді.

Бүйрек және / немесе бауыр дисфункциясы кезінде ерекше дозалауды ұсыну үшін деректер жеткіліксіз.

Тамшылар сұйылтылмаған күйде қабылданады, жұтып қоймас бұрын оларды аузында біраз уақыт ұстайды.

Дозалау кезінде құтыны тік қалыпта ұстаңыз.

Қолданар алдында шайқау керек!

Енгізу әдісі мен жолы

Пероральді қолдануға арналған.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Тонзилгон® Н тамшыларын аурудың өткір кезеңінде тәулігіне 5-6 рет және жедел симптомдар жоғалғаннан кейін күніне 3 рет қабылдайды.

Емдеу ұзақтығы

Препаратты дәрігермен кеңесусіз қатарынан 2 аптадан артық қабылдауға болмайды.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар

Артық дозалану жағдайлары белгісіз.

Емдеу симптоматикалық.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкер кеңесіне жүгіну ұсынылды

Егер препаратты қолдану туралы сұрақтар туындаса, дәрігерге қаралуға кеңес беріледі.

Дәрілік препаратты стандартты қолдану кезінде көрініс табатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдануы керек шаралар

Келесі жағымсыз әсерлері болуы мүмкін:

Сирек

- асқазан-ішек жолының бұзылулары (жүрек айнуы, іштің ауыруы)
- аллергиялық реакциялар (бөртпе, есекжем).

Белгісіз

-түймедақ гүлдері бар препараттарды қабылдау кезінде аса жоғары сезімталдық реакциялары болуы мүмкін.

Жағымсыз реакциялардың алғашқы белгілерінде Тонзилгон®Н тамшыларын қабылдауды тоқтату керек.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

1 мл (0,98 г сәйкес) препараттың құрамында:

Дәрілік жалбызтікен тамырынан, түймедақ гүлдерінен, қарапайым қырықбуын шөбінен, грек жаңғағының жапырақтарынан, қарапайым мыңжапырақ шөбінен, емен қабығынан, дәрілік бақ-бақ шөбінен дәрілік өсімдік сұйық шикізаттың (1:38) 978 мг қоспа экстрактісі (4:3:5:4:4:2:4)

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Иісі бар сарғыш-қоңыр түсті мөлдір немесе сәл бұлыңғырлау сұйықтық. Сақтау барысында опалесценция және аздап шөгінді түзілуі мүмкін.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Алғашқы ашылуы бақыланатын және бұрандалы қақпағы бар, үстіндегі дозалайтын тамшылатқыш құрылғысымен күңгірт шыныдан жасалған құтыға 100 мл препараттан құйылады. Құтыға өздігінен желімденетін заттаңба жапсырылады.

Медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге 1 құтыдан жиналмалы картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

2 жыл

Құтыны ашқаннан кейінгі жарамдылық мерзімі: 6 айдан аспау керек.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Бионорика КАЗ» ЖШС

050060 ж. Алматы, Жароков к-сі 331, тел: 250-93-99

e-mail: info@bionorica.kz